

Халықтың нысаналы топтарын белгілеу және 2009 жылы оларды жұмыспен қамтумен әлеуметтік қорғалуына жәрдемдесу жөніндегі қосымша шаралар туралы

Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 242 қаулысы. Мұнайлы ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 29 қаңтарда N 11-7-34 тіркелді

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңының 31 - бабы 1 - тармағы 13), 14)-тармақшаларына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 149-II Заңының 5 - бабы 2- тармағына, 7 - бабы 2-тармақшасына сәйкес
а у д а н ә к і м д і г і

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Аудан аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың тізбесі жұмыссыз азаматтардың мынадай санаттарымен толықтырылсын:

- 1) дәрігерлік - консультациялық комиссияның анықтамасы бойынша еңбекке шектеулігі бар тұлғалар;
- 2) 50 жастан асқан әйелдер;
- 3) 55 жастан асқан ерлер;
- 4) толық 24 жасқа дейінгі оқу мекемелерінің түлектері;
- 5) ұзақ уақыт (бір жылдан аса) жұмыс істемеген тұлғалар;
- 6) отбасында бір де бір жұмыс істейтін адамы жоқ тұлғалар;
- 7) 5 жасқа дейінгі балалары бар әйелдер;

2. Халықтың нысаналы топтарынан жұмыссыз азаматтарды әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралар анықталсын:

1) толық мөлшерде төлеумен ең төмен жалақыдан кем емес қоғамдық жұмыстарға жіберілген мүгедектерге; дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы бойынша еңбекке шектеулігі бар тұлғаларға; 14 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті аналарға; кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған көп балалы аналарға; асырауында Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет ететін тұлғалары бар азаматтарға; 5 жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге ыңғайлы кесте (толық емес жұмыс аптасы немесе толық емес жұмыс күні) енгізілсін.

2) дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтамалары бойынша еңбекке шектеулігі бар тұлғаларға, мүгедектерге әлеуметтік жұмыстарға қатысу мерзімі алты айдан бір жылға дейін белгіленсін;

3) нысаналы топтағы жұмыссыздарды жұмыспен қамтамасыз еткен жұмыс берушілермен жергілікті бюджеттің қаражатынан бір жақты тәртіппен төлеумен

